

Хаттама №7
«Ақкөл қаласы №1, балалар үйі» КММ-сінің
Қамқоршылық кеңесінің отырысы.

28 шілде 2019 жыл.

Қатысқандар саны :6

Қатыспағандар : 3 (себеппен).

Күн тәртібі:

1. Жазғы демалысты ұйымдастыру.

"Рассвет" БСО-ның директоры
Досмұхамбетова Анна Викторовна

2.Отбасына орналастыру: проблемалары мен перспективалары.

Әлеуметтік педагог
Кудайбергенова Асима Оразовна

3.Әртүрлі.

Отырыстың барысы:

1.Бірінші сұрақ бойынша «Жазғы демалысты ұйымдастыру» атты тақырыппен "Рассвет" БСО-ның директоры Досмұхамбетова Анна Викторовна сөз сөйледі. Анна Викторовна өз сөзінде осы салада балалар үйінің лагерінде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Директор лагердің дайындық жұмыстары жоспарлаған күнге дейін көп бұрын басталғанын айтты. Ағымдағы жылы жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сәуір айынан бастап құжаттама дайындау жұмыстары басталған: меморандум жасау, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, келісім-шарттар жасасу үшін Ұлттық сараптама орталығымен жұмыс (өндірістік бақылау, дератизация, дезинсекция, дезинфекция және суды хлорлау), мамыр айының басында жоспарланып жүргізілген. "Рассвет" БСО-да 172 бала демалады. Бірінші ауысым "Жастар жылы" атты тақырыппен өтуде. Анна Викторовна педагогикалық ұжым және техникалық персоналдың жұмысы туралы, өткізілетін іс-шаралар жоспары бойынша өткізілетін жұмыстарға тоқталды. (баяндама қоса берілген.)

2.Екінші сұрақ бойынша «Отбасына орналастыру: проблемалары мен перспективалары» жөнінде әлеуметтік педагог Асима Оразовна сөйледі. Әлеуметтік педагог тәрбиеленушілерді отбасына орналастырудың проблемалары мен перспективаларына тоқталды. Соңғы бірнеше жылда біздің тәрбиеленушілер өз туған-туыстарымен аға, қарындастарымен араласа

алады. Мұндай кездесулер туыстық қатынастарды одан әрі сақтап, туыстарынан айырылып қалмауға, ересек өмірде бір-бірін, туыстарын білуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік педагог сонымен қатар, қатысушыларды заңнамалық актілерге сәйкес жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың Республикалық дерекқоры бар екендігін айтып, таныстырып өтті.

3."Рассвет"БСО-ның директоры Досмухамбетова Анна Викторовна әртүрліде лагерге 2 дәретхана керек екендігін айтып, қаражат бөлінуді сұрады.

Көтерілген сұрақтар бойынша барлық ҚК-нің мүшелері өз ойларымен бөлісті.

Абулхаирова Гульнар Есеновна – Ақкөл ауданының әкімінің орынбасары, Жаркимбаева Куралай Талгатовна - «Best for Kids» ҚК-ның президенті; Даутов Айвар Картбаевич - «Үміт Сыйла» қорының президенті. Барлық ҚК мүшелері балалар үйінде әр салада өте көп жұмыс жүргізілетінін атап өтті.

Симчук В.Н. өз ойымен бөлісе отырып, қайырымдылық қоры есебінен 160 мың теңге көлемінде қаражатты балалар үйінің лагеріне екі дәретхана қою үшін бөлуді сұрады.

Отырыстың шешімі:

1.Бірінші сұрақ есепке алынсын жоспар бойынша БСО-да жұмыс жалғастырылсын.

2.Әлеуметтік педагог балалар үйінің педагог қызметкерлерімен тәрбиеленушілерді жанұяға орналастыру бойынша жұмыстарды жалғастырысын.

3.БСО «Рассвет» лагеріне екі дәретхана алу үшін балалар үйінің қайырымдылық шотынан 160 мың теңге бөлінсін.

Төрағасы: **В. Симчук**

Хатшысы: **Б.Казбекова**

